

Г.С. Каримова<sup>1</sup>, П.З. Ишанов<sup>1</sup>, Т.М. Алмас<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан

<sup>2</sup>Astana IT University, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

ORCID 0000-0002-7113-4159

(Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: gulim\_3105@mail.ru)

## Жалпы білім беру мекемелерінде бастауыш сынып оқушыларын ағылшын тілінде оқыту бағдарламасы

Мақалада бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар негізінде құрастырылған «Ағылшын тілі» оқу курсының авторлық бағдарламасының үзіндісі келтірілген. Бағдарлама 1-сынып оқушыларына ағылшын тілін үйрету мақсатында жалпы білім беру мекемелерінің қызметкерлеріне, сондай-ақ тиісті мамандықтардың жоғары және орта арнаулы оқу орындарының студенттеріне арналған. Бағдарламаға жұмыс дәптері мен интерактивті тапсырмалар жинағы қоса беріледі. Бағдарламаның ауқымы қосымша материал ретінде ағылшын тіліндегі негізгі сабақтарды да, қосымша сабақтарды да қамтуы мүмкін. Бағдарлама балаларды оқытуға қойылатын барлық заманауи талаптарға жауап береді және балалардың ағылшын тіліндегі коммуникативті дағдыларын, сондай-ақ ақпараттық технологияларды пайдалану дағдыларын қалыптастырады. Орта білім беру мекемелерінде 1-сынып оқушыларына ағылшын тілін үйретудің авторлық бағдарламасы, 1-сынып оқушыларына ағылшын тілін оқытуға арналған жұмыс дәптерінен, сондай-ақ Activinspire бағдарламасы негізінде жасалған интерактивті тапсырмаларынан тұратын дисктен құралған. Аталмыш бағдарлама балаларға өткен материалды ойын түрінде бекітуге және жаңа оқу материалын оңай игеруге көмектеседі. Бұл бағдарламада білім беру ұйымы жағдайында ұйымдастырылған оқу қызметін өткізудің дәстүрлі және инновациялық нысандары ұсынылған.

*Кілт сөздер:* шетел тілін ерте жастан оқыту, білім берудің сабақтастығы, шетел тілінің коммуникативтік құзыреттілігі, үштілділік, бастауыш білім беру, білім беру бағдарламасы, жұмыс дәптері, интерактивті тапсырмалар.

### Кіріспе

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» — «Қазақстан халықтарының рухани дамуы және Үштұғырлы тіл саясаты» атты Қазақстан халқына Жолдауында Елбасы «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын кезең-кезеңімен іске асыруды ұсынды.

Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асыру жөніндегі 2020–2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламада қазақстандықтардың лингвистикалық капиталының негізгі компоненттерінің бірі іскерлік және халықаралық қарым-қатынас құралы ретінде шетел тілдерін білу болып табылатыны белгіленген [1]. Осыған орай Қазақстанның білім беру жүйесінде мазмұнды да, ұйымдастырушылық жоспарларда айтарлықтай оң өзгерістер орын алды:

– шетел тілдерін оқыту қазіргі әлемде адамның практикалық және кәсіби өмірін қамтамасыз етудің кепілі ретінде әлеуметтік маңызды деп танылды;

– шетел тілінің орны халықаралық қарым-қатынас тілі ретінде мемлекеттік тіл мен орыс тілінің жанында — ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде анықталды;

– оқу мекемелерінің сабақтастық құрылымында ағылшын тілін меңгеруді одан әрі жетілдіре және тереңдете отырып, оны ерте оқытуды енгізу қажеттілігі белгіленді.

Бұл бағдарламаның *өзектілігі* — шетел тілдерін білу — бұл қазіргі әлемдегі ажырамас дағды. Қазақстан азаматтарының тілдік капиталын дамыту жөніндегі шараларды іске асыру, атап айтқанда қазақ-орыс-ағылшын үштілділігін дамыту жөніндегі шаралар Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асыру жөніндегі 2020–2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламада сипатталған және қолдау тапқан [1].

Осыған байланысты бастауыш мектептің төменгі сатысынан бастап білім берудің келесі сатыларында одан әрі сабақтастықпен тілдерді оқыту қажеттілігі туындайды. Қазіргі әлемде ерте жастан шетел тілдерін оқытуға көп көңіл бөлінеді. Бұл бір-бірімен тығыз байланысты бірқатар себептерге

байланысты. Атап айтқанда, қазіргі уақытта ағылшын тілі бүкіл әлем бойынша адамдардың қарым-қатынас құралы, сондай-ақ халықаралық бизнес, саясат, мәдениет тілі болып табылады [2].

### *Негізгі бөлім*

Бағдарламалық талаптарға сәйкес шетел тілі бүгінде «оқушылардың бойында әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға, әлеуметтік бейімделуге және лингвистикалық ой-өрісін кеңейтуге ықпал ететін тұлғаның мәдени дамуының құралы» ретінде қарастырылады [2]. Тіл әлемді танудың, басқа халықтар жасаған құндылықтармен таныстырудың құралы ретінде әрекет етеді. Қазіргі уақытта шетел тілін ерте үйренуге деген қызығушылық артып келеді. Ерте жастан шетел тілін оқыту әдістемесі аясында теоретикалық зерттеулерден И.Л. Бим, М.З. Биболетова, Н.Н. Верещагина, Н.Д. Гальскова, О.В. Даниленко, В.Н. Карташова, Н.В. Кузовлева, Е.И. Негневицкая, Г.И. Панарина, Л.А. Цветкова және тағы басқа ғалымдардың еңбектерін атап өтуге болады. Шетел тілін алғашқы кезеңнен бастап оқыту сұрақтарын А.К. Сарлыбаева, Г.Н. Амандықова, Ш.Е. Мұхтарова, А.Ж. Сарсембаева сияқты қазақстандық ғалымдар қарастырған. Сонымен қатар, біз Б.А. Жетпісбаеваның, О.Т. Аринованың [3; 23] ойымен келісеміз, яғни бұл қазақстандық қоғамда болып жатқан экономикалық және әлеуметтік жаңғырудың маңызды аспектілерінің бірі тіл саласындағы саясат болып табылады деген ой. Елбасының мемлекеттік саясаттың осы құрамдас бөлігіне назары айқын және біздің тараптан мұқият зерделеуді, талдауды талап етеді, өйткені біздің республикамызда Тұңғыш Президент бастамашылық еткен бірегей жоба — Тілдердің үштұғырлығы іске асырылуда. Көптілді және мультимәдениетті қазіргі заманда тілдердің тоғысу мәселесі, қоғамдарды топтастыру бойынша тілдер саласында тиімді және өміршең бағдарламаларды іздеу бұрынғыдан да өзекті болып отыр. Осыған байланысты Тұңғыш Президенттің Тілдердің үштұғырлығы туралы идеясын енгізудің нәтижесі болып табылатын шетел тілдерін ерте оқытудың маңыздылығы мен өзектілігі күмән тудырмайды.

Республика көлемінде мектепке дейінгі және бастауыш мектеп аясында тәрбиенің ғылыми-теориялық және әдістемелік мәселелерін зерттеген еңбектерде атап айтарлық. Олар: В. Андросова, Р.К. Аралбаева, Б.О. Арзанбаева, Ә.С. Әмірова, Б.Б. Баймұратова, Н.Б. Баримбеков, С.Г. Бәтібәева, Л.А. Давиденко, М.С. Сәтімбекова, Р.Ж. Жұмағожина, А.К. Меңжанова, Қ.М. Меңдаяқова, Г.Ж. Меңлібекова, А.Е. Манкеш, М.Т. Тұрыскелдина, Т.Ж. Қалдыбаева, Н.Д. Храпченкова, Т.И. Иманбеков, Ж.А. Исмаилова, Ш.С. Сапарбаева, Т.А. Левченко, Ғ.З. Таубаева, С.Н. Жиенбаева, Г.М. Метербаева, А.Ж. Салиева, Н.С. Сайлауова және т.б.

Ал мектепке дейінгі ұйымдар мен бастауыш мектептің білім мазмұнының сабақтастығын жаңаша тұрғыда, қазіргі экономикалық, әлеуметтік жағдайларға байланысты шешудің бірқатар жолдарын қарастырған ғалымдар: Н.И. Алексеева, Е.А. Аникудинова, Р. Буре, Т. Васильева, З. Грачева, Д. Гуламирян, С.И. Волкова, Т.К. Воробьева, Т.Н. Зотова, М.Х. Мизова, В. Нечаева, В. Неменский, А. Леушина, Т. Тарунтаева, В. Кравченко, А.М. Счастнй, А. Усова, С. Улитко, Л. Румянцева, Т. Репина, Р. Руга, Г.К. Широкова, Л.А. Парамонова, В.Н. Просвиркин, Е.А. Конобеева, З.А. Климентьева, Т. Чепель, Р. Чумичева, Н.А. Федосова т.б. еңбектерінің маңызы зор.

Біздің қоғам дамуының осы кезеңінде шетел тілін оқыту білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты болып табылады. Ағылшын тілін білу қажеттілігін сезіне отырып, ата-аналар балаларының ағылшын тілін үйренуді өз уақыттарына қарағанда ертерек бастауына ықпал етеді. Мектепте шетел тілін ерте үйрену сөйлеу дағдыларын жоғарылатады, балаларды оқытылатын тіл елінің мәдениетімен таныстырады, басқа халықтарға толерантты көзқарасты тәрбиелейді, олардың әдет-ғұрыптарына қызығушылықты дамытады.

Қорытындылай келе, мектеп білімінің бастапқы кезеңінде шетел тілдерін үйрену баланың эмоционалды дамуына ғана емес, сонымен бірге зияткерлік дамуына да оң әсер ететінін атап өткен жөн. Бұл әсердің салдары — оқуда, сондай-ақ, ана тілін үйренуде жоғары нәтижелерге қол жеткізу болып табылады. Ауызша және вербальды емес даму деңгейін анықтауға арналған тест нәтижелеріне сәйкес, ерте жастан шетел тілдерін үйренетін балалар жоғары нәтиже көрсетті, өйткені мұндай балалардың ойлау қабілеті мен қиялы жақсы дамыған. Бұл жаста балалар тілдік құбылыстарға ерекше сезімтал бола тұра, сонымен қатар шетел тілінің барлық қыр-сырын білуге ерекше қызығушылық танытады. Негізінен біздің ойымызша, шетел тілін білу үшін ең қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін жастың барлық мүмкіндіктерін пайдалану қажет екені анық.

## Зерттеу нәтижелері

Зерттеудің практикалық және ғылыми маңыздылығын негіздеу барысында оқу құралдарын бақылау және талдау мақсатында «Erfolg» ОО ҰМУ-да 1-сыныптың ағылшын тілі сабақтарына қатыстық. Сондай-ақ, 1-сынып оқушыларының Virginia Evans, Jenny Dooley «Smiles» және Diana Hicks, Andrew Littlejohn «Primary Colours» ағылшын тілі бойынша оқулықтарына талдау жүргізілді (1-кесте). Талдау мына критерийлер бойынша жүргізілді:

Кесте 1

## Қазақстанда қолданылатын ағылшын тілі оқулықтарын салыстырмалы талдау

Оқулықтар	Патриоттық сезімді тәрбиелеу	Дәстүрлі құндылықтарды құрметтеу	Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту	Сыни тұрғыдан ойлау және шығармашылық көзқарас	Интерактивті тапсырмалардың болуы	Шетел тілдік қарым-қатынасқа ынталандыру
Primary Colours Diana Hicks, Andrew Littlejohn	-	-	+-	+	+	+-
Smiles Virginia Evans, Jenny Dooley	+	-	+-	+	-	+-


Талдау нәтижесінде бұл оқулықтарда оқушылардың ағылшын тіліндегі коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға арналған тапсырмалар жеткіліксіз екендігі анықталды. Пандемия жағдайында қазақстандық көптеген оқушылар қашықтықтан оқуға мәжбүр, яғни балалардың өздері немесе ата-аналарының көмегімен белгілі бір материалды үйренуге тура келетіні ешкімге құпия емес. Сондықтан біздің ойымызша, қазіргі таңда авторлар оқулықтарда осы жағдайды ескере отырып, құрастыруы абзал. Жоғарыда аталған оқулықты талдай отырып, балаларға өткен тақырыптарды бекітуге арналған материал жеткіліксіз деген қорытындыға келдік. Бұл оқулықтың авторлары шетелдік ғалымдар болғандықтан, оқулықта еліміздің Тәуелсіздік күні және Наурыз сияқты мемлекеттік мерекелеріне қатысты тақырыптар жоқ екенін байқадық. Аталған мерекелер балаларда патриотизм мен Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелейді, сондықтан бұл тақырыптар қазақстандық мектеп оқушылары үшін міндетті болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біз жалпы білім беру мекемелерінде 1-сынып оқушыларына ағылшын тілін оқыту бағдарламасын, сондай-ақ 1-сынып оқушыларына арналған ағылшын тілінен жұмыс дәптерін (1-сурет) және Activinspire бағдарламасын қолдана отырып, ағылшын тілінде интерактивті тапсырмалар жиынтығын жасадық (2-сурет). Аталмыш бағдарлама балаларға өткен материалды ойын түрінде бекітуге, ал жаңа материалды жеңіл меңгеруге көмектеседі. Сабақ барысында физикалық, ойын және танымдық әрекеттерді қолдану оқушылардың психикалық және физикалық денсаулығын сақтай отырып, тиімді оқытуға мүмкіндік береді [4]. Бұл бағдарламаның мазмұнына ойын технологиялары мен интерактивті оқыту тәсілдері енгендіктен, аталмыш бағдарлама дәстүрлі сабақ кезінде де, сонымен қатар, қашықтықтан білім беру жағдайында да ағылшын тілін үйретудің икемді жүйесі ретінде қолданыс табады.


Бағдарламаның *жаңалығы* бастауыш мектеп жасынан бастап балалардың ағылшын тілін меңгеруі олардың коммуникативтік-танымдық құзыреттіліктерін, жалпы тілдік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, зияткерлік-эмоционалдық саланы қалыптастыруға, адамгершілік, көп мәдениетті тұлғаны тәрбиелеуге ықпал ететіндігіне байланысты. Бұл бағдарлама бастауыш мектеп жасындағы балалардың психологиялық және физикалық даму ерекшеліктерін толық ескереді.

Аталған бағдарламаның *мақсаттары*: бастауыш мектеп жасындағы балалардың ағылшын тілін ашық және дидактикалық ойындар, әңгімелер, мнемотехника көмегімен қарым-қатынас және ақпарат алмасу құралы ретінде тұрақты қызығушылығын дамыту; балаларды қолжетімді және олардың даму деңгейіне сәйкес лексикамен таныстыру, қарапайым тілдік құрылымдарды енгізу; ағылшын тілді ел-

дердің мәдениетімен таныстыру арқылы тұлғаны тәрбиелеу және дамыту, балалар фольклорымен танысу; шығармашылық қызметін жандандыру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың лингвистикалық қабілеттерін дамыту.



Сурет 1. 1-сынып оқушыларына арналған ағылшын тіліндегі жұмыс дәптері



Сурет 2. 1-сынып оқушыларына арналған ағылшын тілінен интерактивті тапсырмалар жинағы

#### Міндеттері:

**Оқытушылық:** ақпаратты есте сақтау (кодтау) тәсілдерін игеру арқылы балалардың есте сақтау көлемін арттыру; өз бетінше тілдік мәселені шешу дағдылары мен іскерлігін, ауызша сөйлеудегі қарапайым — коммуникативтік-танымдық міндеттерді қалыптастыру; ағылшын тілі арқылы баланың айналасындағы әлем туралы және тіл туралы таным мен қарым-қатынас құралы ретіндегі түсініктерін кеңейту.

**Дамытушылық:** балалардың қабылдауын, зейінін, тілдік есте сақтау қабілетін, қиялын, интуитивті және логикалық ойлауын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; сөйлеу мәдениетін, сондай-ақ қарым-қатынас мәдениетін дамыту; ағылшын тілін пайдалана отырып, әртүрлі салалардағы кіші мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту.

**Тәрбиелік:** балалардың жаңа тілді үйренуге деген тұрақты қызығушылығын тәрбиелеу; бастауыш сынып оқушыларының басқа мәдениет әлеміне еруге деген ынтасы мен қабілетін, басқа ұлт адамдарына деген толерантты көзқарасын тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:** педагог бір рет айтқаннан ағылшын тіліндегі тілдесімді тыңдап түсіну; педагогтің ағылшын тіліндегі қолжетімді өтініштерін орындау; ағылшын тілінде қысқа фразаларды айту және белсенді сөздіктің 130–150 сөзіне дейін, пассивті сөздіктің 110–130 сөзіне дейін білу [5] және жеке және көпше түрде зат есімдерді қолдана білу; сөйлеуде «I've got...», «I haven't got...», «I can...», «I can't...», «Yes, I have», «no, I haven't» сұрақтарына қысқаша жауап беруді; есімдіктерді қолдануды: жеке, индикативті, иелік етуші, белгісіз және сұрақ; реттік сандарды 20-ға дейін қолдануды; одақтар мен есімдіктерді қолдануды; мнемотаблицалардың көмегімен шағын сипаттамалық әңгімелер жасауды үйренеді [6].

Өз жұмысына қызығушылық танытқан әр мұғалім балаларға лексикалық қорды кеңейтуге, ауызекі сөйлеуді тыңдап түсініп ғана қоймай, сонымен бірге сөйлесуге, яғни шағын сипаттамалық және танымдық әңгімелерді өз бетінше құрастыруға, қарым-қатынастың табиғи жағдайында тілдесім жауауға көмектесетін тиімді және нәтижелі оқыту тәсілдерін тапқысы келеді. Ана тілінде оқытудың көптеген әдістері мен тәсілдері бар, бірақ ағылшын тілін үйрену кезінде оларды тәжірибеге енгізу туралы аз адам ойланады. Бұл әдіс мнемотаблица болып табылады, олар мұғалімге балаларды ағылшын тілінде шағын сипаттамалық әңгімелер құруға үйретуге көмектеседі. Бұл әдіс балаларға көмекші ғана емес, сонымен қатар сабақтың барысын түрлендіреді және осы жұмыстың нәтижесінде баланың жанарында қуаныш пен оқытылатын тілге қызығушылық туындайды.

6–7 жастағы балаларға арналған бағдарламаның мазмұны «Коммуникация» білім беру саласына негізделген. Негізгі қызмет түрі — ағылшын тілі. Бағдарлама жылына 36 сағаттық оқуға есептелген (3-сурет).

Таблица 2 Перспективный план работы для детей 6-7 лет. Раздел «Коммуникация. Английский язык».

		1 неделя	2 неделя	3 неделя	4 неделя
Сентябрь	Тема	«Let's make acquaintance!» «Давай познакомимся!»	«We live on one planet» «Мы на одной планете живём»	«Autumn harvest» «Осенний урожай»	«Dora's garden» «Данин огород»
	Цель	Активизация пройденного лексического материала с помощью подвижных игр. Знакомство с разницей произношения на английском языке. Продолжить учить детей полными предложениями отвечать на вопрос «What is your name?». Развитие диалогической речи, умения правильно, полными предложениями отвечать на вопросы учителя на английском языке, развитие слуховой памяти, мелкой моторики рук. Воспитание уважительности, искренности, интереса к продолжению работы. Воспитание патриотизма, умения контролировать эмоции.	Закрепление пройденного материала за прошлый учебный год. Продолжать учить детей отвечать на вопросы «Where are you from?», «What language do you speak?». Учить детей воспринимать иностранную речь на слух, отвечать на вопросы учителя. Побуждение к проявлению самостоятельности, независимости при выполнении заданий на английском языке, целеустремленности, смелости, взаимопомощи. Развитие памяти, мелкой моторики рук. Воспитание толерантности к представителям других национальностей, интереса к изучаемому языку.	Обогащение словарного запаса детей новыми словами на тему «Осень». Учить детей односложно отвечать на вопросы «What's that?», «How many?», «What color...?», различать цвета. Учить детей различать существительные единственного и множественного числа. Развитие памяти, внимания, умения переводить слова с английского на русский и наоборот, мелкой моторики рук. Воспитание вежливости, отношения друг к другу, уважения к чужому труду, усидчивости.	Закрепление пройденного материала на тему «Овощи», «Фрукты» в естественной ситуации общения. Учить детей отвечать на вопрос «What do you like?», «What share is...?», различать и называть предметы по величине. Развитие разговорной речи на английском языке с помощью знаменитостей. Развитие слуховой памяти, мелкой моторики рук. Формирование личностных качеств: трудолюбия и культуры бытия другого народа. Воспитание гостеприимности, уважения к чужому труду.
	Материал	Доска, герои Майк и Джейн, рабочая тетрадь, аудио материал.	Куклы Майк и Джейн, раздаточный материал, рабочая тетрадь, аудио материал.	«Восшебная коробка», софиты Пэтти, флюоресцентный дневник с изображениями овощей, рабочая тетрадь, аудио материал.	«Восшебная коробка», кукла Дана, демонстрационный материал (раскраски – договорки), рабочая тетрадь, аудио материал.
	Лексический материал	Good morning!, Thank you!, Ok!, Bye! Nice to meet you!	Kazakhstan, Great Britain, Russia	A tomato, a cucumber, a potato, a cabbage, brown Повторение: carrot, green, red	An orange, a banana, orange Повторение: big, small, yellow, apple, pear,

Сурет 3. 6–7 жастағы балаларға арналған болашақ жоспардың үзіндісі

Жоғарыда сипатталған бағдарлама мен жұмыс дәптерінің нәтижелілігін тексеру бойынша тәжірибелік эксперимент Қарағанды қаласының «Erfolg» ОО ҰМУ-да 2020 жылдың желтоқсанынан 2021 жылдың мамыр айының аралығында жүзеге асырылды. Экспериментке қатысқан балалар саны — 24. Олардың ішінде 12 бала — бақылаушы топта (БТ), тағы 12 бала эксперименттік топта болды (ЭТ).

Эксперимент жұмысы 4 құрамдас кезендерден тұрды:

- 1 кезең — дайындық кезеңі;
- 2 кезең — анықтаушы кезең;
- 3 кезең — қалыптастырушы кезең;
- 4 кезең — қорытынды кезең.

Әр жұмыс кезеңінде белгілі міндеттер шешіліп, қажет әдістер мен жұмыс формалары қолданылып, жұмыс нәтижелері бағаланды.

Экспериментті жүзеге асыру үшін түрлі ғылыми әдістерді қолдандық. Б.Г. Ананьев жіктеуіне сай, барлық зерттеу әдістері ұйымдастырушылық, эмпирикалық, деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістеріне бөлінеді. Барлық әдістердің сипаттамаларына тоқталмай, біз тек біздің эксперимент барысында қолданыс тапқан әдістерге тоқталамыз.

Ұйымдастырушылық әдістер тобынан біз түрлі оқу бағдарламалары негізінде бастауыш мектепте балаларды оқытудың педагогикалық әсерінің тиімділігін зерттеуге мүмкіндік беретін салыстырмалы әдісті қолдандық.

Зерттеудің эмпирикалық әдістері ғылыми фактілерді жинақтаумен байланысты барлық әдістерді қамтиды. Бұл бақылаушы (бақылау, өзін—өзі бақылау), диагностикалық, эксперименталды, пракси-метрикалық әдістер.

Біздің зерттеуімізде мына әдістер қолданылды: бақылау, диагностикалық (сауалнама, тесттер), эксперименталдық (анықтаушы және қалыптастырушы). Бастауыш мектепте шетел тілін оқытуда балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуды зерттеудің негізгі әдісі — бақылау. Бұл фактілерді

жинақтауға бағытталған сенсорлық танымның белсенді нысаны; ол нысандар мен құбылыстарды мақсатты және жүйелі қабылдауды қамтиды.

Эксперименталды зерттеу әдістерінен анықтаушы және қалыптастырушы экспериментті қолдандық. Педагогикалық эксперименттің басты функциясы педагогикалық әсер ету жүйесінің жекелеген элементтері мен оның нәтижелері арасындағы байланыстар туралы гипотезаны тексеру болып табылады.

Қалыптастырушы эксперимент БТ және ЭТ-да 7 жастағы балаларды ағылшын тілінде оқыту бағдарламасы және «1-сынып оқушыларына арналған ағылшын тіліндегі жұмыс дәптерін» қолдану алдында шетел тілінде коммуникативтік дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау мақсатымен жүзеге асырылды.

Сонымен, жоғарыда айтылып кеткендей, тәжірибелік эксперименттік жұмыс 4 кезеңнен (дайындық кезеңі, анықтаушы, қалыптастырушы және қорытындылау кезеңі) тұрды.

Бірінші дайындық кезеңінде (қаңтар — қыркүйек, 2020) Қарағанды қаласының «Erfolg» ОО ҰМУ-да мектепке дейінгі мекемелерінде ағылшын тілін оқытудың жағдайын бақыладық. Бақылаудың нәтижесінде тәрбиешілер мен МДМ ағылшын тілі мұғалімдерінің және ата-аналардың арасында өткізілген сауалнаманың нәтижесінде оқыту барысының біршама кемшіліктері байқалды. Олар:

1. Ағылшын тілі сабағы барысында ұлттық контентке сай келмейтін оқулықтардың қолданылуы.

2. Шетел тілін оқытуда «Үштілділік» қағидасын ұстанбау.

3. Күнделікті өмірде шетел тілін қарым-қатынас құралы ретінде қолданудың қажетсіздігі. Сонымен қатар, балалардың игерген іскерліктерін, дағдыларын және білімдерін күнделікті тілдесімде қолдана алмауы.

4. Ата-аналар балаларының шетел тілін оқуына деген қызығушылығын құптайды. Алайда, олар 1 сыныптағы шетел тілін оқыту сапасымен қанағаттанбайды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біз жалпы білім беру мекемелерінде 1-сынып оқушыларына ағылшын тілін оқыту бағдарламасын, сондай-ақ 1-сынып оқушыларына арналған ағылшын тілінен жұмыс дәптерін және Activinspire бағдарламасын қолдана отырып, ағылшын тілінде интерактивті тапсырмалар жиынтығын жасадық. Аталмыш бағдарлама балаларға өткен материалды ойын түрінде бекітуге, ал жаңа материалды жеңіл меңгеруге көмектеседі. Сабақ барысында физикалық, ойын және танымдық әрекеттерді қолдану оқушылардың психикалық және физикалық денсаулығын сақтай отырып, тиімді оқытуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаның мазмұнына ойын технологиялары мен интерактивті оқыту тәсілдері енгендіктен, аталмыш бағдарлама дәстүрлі сабақ кезінде де, сонымен қатар, қашықтықтан білім беру жағдайында да ағылшын тілін үйретудің икемді жүйесі ретінде қолданыс табады.

Екінші кезеңде анықтаушы эксперимент жүзеге асырылды. Аталмыш кезеңнің міндеттерін шешу үшін орыс әдіскері А.Н. Утехинаның әдістемесін ескере отырып, ересек топ балаларының шетел тілін оқу нәтижелерін талдауға арналған диагностикалық әдістер мен критерийлерін құрастырдық. Сонымен қатар, балалардың ағылшын тілінен игерген материал көлемін есептеу үшін В.В. Егоров пен Э.Г. Скибицкий ұсынған математикалық-статистикалық формуланы қолдандық:

1. баланың эмоционалды құндылықты дамуының деңгейі (баланың шетел тілін оқуға деген қызығушылығының деңгейін анықтау);

2. балалардың ағылшын тілінен игерген материал көлемін есептеу;

$$K_y = \frac{N_1}{N} \times 100$$

Бұл жерде,  $K_y$  – материалды игеру;  $N_1$  – дұрыс жауап саны;  $N$  – қойылған сұрақ саны.

ЭТ және БТ балаларының эмоционалды құндылықты дамуының деңгейін бағалау үшін балалармен әңгіме жүргізілді. Әңгіме барысында мына сұрақтар қойылды:

- Қандай оқу іс-әрекетін ұнатасың? Неге?

- Бұл оқу іс-әрекеттерде әдетте не істейсің?

- Ағылшын тілі оқу іс-әрекетіне қатысқан ұнайды ма? Неге?

- Бұл іс-әрекетте не істегенді ұнатасың?

- Сен ағылшын тілінде сөйлескенді ұнатасың ба? Сенің ұнататын сөздерің бар ма? Қандай?

Әңгімені өткізгеннен кейін келесі нәтижелерге қол жеткіздік: БТ-да 12 бала ішінен 7 бала (58,3 %) ағылшын тілін оқу іс-әрекетіне қызығушылықпен қатысады, ал 5 бала (41,7 %) ағылшын тіліне қатысқаннан, топта ойнауды таңдады. ЭТ нәтижелері бойынша, 8 бала (66,7 %) қызығушылық білдірсе, 4 бала (33,3 %) қызығушылық білдірмейді.

Эмоционалды құндылықты дамудың деңгейін анықтау бойынша жалпы нәтижелер 2 кестеде берілген.

Кесте 2

**БТ және ЭТ балаларының эмоционалды құндылықты дамудың деңгейін анықтау бойынша жалпы нәтижелер**

БТ	ЭТ
58,3 %	66,7 %

Келесі міндет, В.В. Егоров пен Э.Г. Скибицкий ұсынған математикалық–статистикалық формуланың негізінде балалардың ағылшын тілінен игерген материал көлемін есептеу болды. Бұл міндетке қол жеткізу үшін балаларға қағаз бетінде берілген түрлі тапсырмаларды дайындадық. Берілген тапсырмалар суретті жалғастыруға, дұрыс жауапты таңдауға, оларды белгілеуге негізделген. Барлық тапсырмалар ойын формасында өткізіледі. Әр дұрыс жауапқа 1 ұпай беріледі.

БТ және ЭТ балаларының материалды меңгеру деңгейі келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылды:

- түсініксіз сөздерді мимикаға, жесттерге, көрнекіліктерге сүйене отырып түсіну;
- тілдесімге түсу, әңгімеге ат салысу (амандасады, өзін атайды, іс-әрекет жасауға ынта білдіреді);
- сұрақтарға жауап беру қабілеті: 1) өзің туралы, 2) досың, отбасың туралы; 3) заттың сыны, сапасы туралы; 4) жануарлар туралы;
- коммуникативтік сөздікті меңгеру деңгейі.

Экспериметтің нәтижесінде БТ 3 бала – 7 ұпай, 2 бала – 5 ұпай, 4 бала – 4 ұпай, 3 бала – 3 ұпай жинады. Топтың орташа көрсеткіші келесі формула бойынша есептейміз.

$$K_y = \frac{N_1}{N} \times 100$$

Есептеудің нәтижесі 3 кестеде көрсетілген.

Кесте 3

**Математикалық—статистикалық формуланың негізінде, БТ ағылшын тілінен игерген материал көлемін есептеу нәтижесі**

Пайыз көрсеткіші	Бала саны	Топ бойынша орташа көрсеткіш
87,5 %	1 бала	50 %
62,5 %	2 бала	
50 %	4 бала	
37,5 %	5 бала	

ЭТ топтың көрсеткіштері бойынша 6 бала – 7 ұпай, 3 бала – 6 ұпай, 2 бала – 5 ұпай, 1 бала – 4 ұпай жинады. Есептеудің нәтижесі 4, 5 кестеде көрсетілген.

Кесте 4

**Математикалық—статистикалық формуланың негізінде, ЭТ ағылшын тілінен игерген материал көлемін есептеу нәтижесі**

Пайыз көрсеткіші	Бала саны	Топ бойынша орташа көрсеткіш
87,5 %	6 бала	77 %
75 %	3 бала	
62,5 %	2 бала	
50 %	1 бала	

**Балалардың эмоционалды құндылықты дамуының деңгейін анықтау бойынша эксперименттің басындағы және аяғындағы нәтижелердің салыстырмалы кестесі**

Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін	
БТ	ЭТ	БТ	ЭТ
58,3	66,7	75	100

Алынған нәтижелер БТ және ЭТ балаларының ағылшын тілінен көрсеткіштері ұқсас және төмен екенін көруге болады. Балалар көрнекіліктерге, жесттер мен мимикаға сүйене отырып өтілген тақырыптар бойынша лексиканы жақсы біледі, алайда тілдесімге түсер кезінде қиналып, ұялады.

Анықтаушы эксперименттің нәтижесі бойынша, БТ және ЭТ ағылшын тілінен білім деңгейі төмен және арнайы түзету жұмысын қажет етеді.

2017 жылдың қазан айынан 2018 жылдың мамыр айында «Алтын сақа» балабақшасында жүзеге асырылған эксперименттің үшінші кезеңінде, БТ МДМ ағылшын тілінің вариативтік бөлімінің жылдық жоспарына сай жұмыс жасап, ал ЭТ біз құрастырған «With English to the future» атты ағылшын тілінің вариативтік бөліміне арналған оқу бағдарламасымен және «Мектепке дейінгі ересек топ балаларына ағылшын тілінің вариативтік бөлімін оқытуға арналған жұмыс дәптерімен» жұмыс жасады. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті аптасына 1 рет сағат 16.00-ден 16.30 ға дейінгі уақытта өткізілді.

Оқытудың соңында (мамыр, 2018) балалардың ағылшын тілі бойынша бағдарламаны меңгеру деңгейі қайта тексерілді.

ЭТ және БТ балаларының эмоционалды құндылықты дамуының деңгейін бағалау үшін балалармен әңгіме жүргізілді. Әңгіме барысында қайтадан мына сұрақтар қойылды:

- Қандай оқу іс-әрекетін ұнатасың? Неге?
- Бұл оқу іс-әрекеттерде әдетте не істейсің?
- Ағылшын тілі оқу іс-әрекетіне қатысқан ұнайды ма? Неге?
- Бұл іс-әрекетте не істегенді ұнатасың?
- Сен ағылшын тілінде сөйлескенді ұнатасың ба? Сенің ұнататын сөздерің бар ма? Қандай?

Эксперименттің нәтижесі бойынша, БТ-ның 9 баласы (75 %) ағылшын тілі оқу іс-әрекетіне қызығушылықпен қатысатынын айтты. Ал ЭТ-ның 12 баласы да (100 %) ағылшын тілін оқуға қызығушылық танытатынын байқадық. Балалардың эмоционалды құндылықты дамуының деңгейін бағалаудың нәтижесі 6 кестеде көрсетілген.

Кесте 6

**Балалардың эмоционалды құндылықты дамуының деңгейін бағалауға өткізілген әңгіменің нәтижесі**

БТ	ЭТ
75 %	100 %

Эксперименттің басындағы және аяғындағы нәтижелердің салыстырмалы кестесі берілген.

Эксперименттің нәтижесі бойынша, БТ балаларының ағылшын тілін оқуға деген қызығушылығы 16,7 %, ал ЭТ 33,3 % өсті. Бұл «1-сынып оқушыларына арналған ағылшын тілінен жұмыс дәптері» мен 1 сынып оқушыларын ағылшын тілінде оқыту бағдарламасының тиімділігін көрсетеді. Эксперименттің жалпы нәтижесі 7 кестеде көрсетілген.

Кесте 7

**БТ және ЭТ балаларының ағылшын тілінен игерген материал көлемін есептеудің жалпы нәтижесі**

ЭТ		БТ	
Бала саны	%	Бала саны	%
10 бала	100	10 бала	70
2 бала	95	2 бала	50
Топ бойынша орташа көрсеткіш	97,5 %	60 %	


Экспериментке дейін және эксперименттен кейінгі нәтиже 8 кестеде көрсетілген.

**Экспериментке дейін және эксперименттен кейінгі балалардың ағылшын тілінен игерген материал көлемінің есептеу нәтижесі**


Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін		Өзгеру динамикасы	
БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ
%	%	%	%	%	%
50	77	60	97,5	+10	+20,5

Екі топта да оң өзгеріс динамикасы байқалады, алайда ЭТ көрсеткіші БТ көрсеткішінен жоғарырақ (ЭТ көрсеткіші +20,5). Ал БТ өзгеріс нәтижесі +10. Осылайша, ЭТ көрсеткіштері БТ қарағанда 10,7 % ға артық екенін көріп тұрмыз.

Эксперименттің нәтижелері мына диаграммаларда көрсетілген (4, 5-суреттер).



Сурет 4. БТ эксперимент нәтижесі



Сурет 5. ЭТ эксперимент нәтижесі

### Қорытынды

Қорытындылай келе, теориялық және практикалық зерттеулер нәтижесінде 6–7 жастағы балалардың педагогикалық және психологиялық талаптарына толық жауап беретін бағдарлама жасағанымызды атап өткім келеді. Ал жұмыс дәптері мен интерактивті тапсырмалар жинағы 1-сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға, сондай-ақ шетел тілін үйренуге тұрақты қызығушылықты қалыптастыруға көмектеседі. Бұл бағдарлама жас мамандарға болашақ жоспар құруда және 6–7 жас аралығындағы балаларды жалпы білім беретін мектепте ағылшын тілін оқытуда тиімді әдістер мен тәсілдерді таңдауда көмекші болып табылады.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының тіл саясатын іске асыру жөніндегі 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама [Электронды ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045>
- 2 Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты [Электронды ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=36966825](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36966825)
- 3 Жетписбаева Б.А. От идеи «триединство языков» Н.А. Назарбаева до полиязычного образования в Казахстане / Б.А. Жетписбаева, О.Т. Аринова // Вестн. Караганд. ун-та. — Сер. Педагогика. — 2012. — Вып. 4 (68). — С. 19–25.
- 4 Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар [Электронды ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015681>
- 5 Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы [Электронды ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008170>
- 6 2020–2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының Білім беру ұйымдарындағы оқу процесінің ерекшеліктері туралы [Электронды ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://drive.google.com/file/d/1Tm25cdU-Shepf5zncJHoiFIR7znK3jEH/view>

Г.С. Каримова, П.З. Ишанов, Т.М. Алмас

### Программа обучения английскому языку младших школьников в общеобразовательных учреждениях

В статье представлен отрывок разработанной авторской программы учебного курса «Английский язык», которая составлена на основании Государственного общеобязательного стандарта начального образования и требований к уровню подготовки обучающихся по обновленному содержанию начального образования. Программа предназначена для работников общеобразовательных учреждений, а также для студентов высших и средних специальных учебных заведений соответствующих специальностей с целью обучения учащихся 1-го класса английскому языку. К программе прилагаются Рабочая тетрадь и Сборник интерактивных заданий. Область применения программы может включать в себя как основные занятия по английскому языку в качестве дополнительного материала, так и факультативные занятия. Программа отвечает всем современным требованиям к обучению детей и формирует как коммуникативные навыки детей на английском языке, так и навыки пользования информационными технологиями. Данная авторская программа обучения английскому языку учащихся 1-х классов в общеобразовательных учреждениях состоит из Рабочей тетради для обучения английскому языку учащихся 1-х классов, а также Диска с интерактивными заданиями, разработанными на основе программы *Activinspire*. Программа поможет детям закрепить пройденный материал в игровой форме и легче усвоить новый учебный материал. Кроме того, в ней представлены традиционные и инновационные формы проведения организованной учебной деятельности в условиях образовательной организации.

*Ключевые слова:* раннее обучение иностранным языкам, преемственность образования, иноязычная коммуникативная компетенция, триединство языков, начальное образование, образовательная программа, рабочая тетрадь, интерактивные задания.

G.S. Karimova, P.Z. Ishanov, T.M. Almas

### English language training program for primary school children

This article presents an excerpt from the author's program of the training course “English”, compiled on the basis of the state mandatory standard of primary education and requirements for the level of training of stu-

dents on the updated content of primary education. The program is designed for employees of comprehensive school, as well as students of higher and secondary special educational institutions of relevant specialties in order to teach English to 1st grade pupils. The program is accompanied by a workbook and a collection of interactive tasks. The scope of the program can include both basic English lessons and additional lessons as extracurricular material. The program meets all modern requirements for teaching children, and forming children's English communicative skills, as well as the use of informational technologies. Our author's program for teaching English to 1st grade students in general education institutions consists of a workbook for teaching English to 1st grade students, as well as a disk with interactive tasks developed on the basis of the Activinspire program. This program will help children consolidate the material they have learned in a playful way and make it easier to learn new educational material. This program presents traditional and innovative forms of conducting organized educational activities in the conditions of an educational organization.

*Keywords:* early learning of foreign languages, continuity of education, foreign language communicative competence, trinity of languages, primary education, educational program, workbook, interactive tasks.

## References

- 1 Qazaqstan Respublikasynyn til saiasatyn iske asyru zhonindegi 2020–2025 zhyldarga arналған мемлекеттік бағдарлама [State program for the requirements of the language policy of the Republic of Kazakhstan for 2020–2025]. — Retrieved from: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045> [in Kazakh].
- 2 Bastauysh bilim berudin memlekettik zhalpyga mindetti standarty [State universal standards of primary education]. — Retrieved from: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=36966825](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36966825) [in Kazakh].
- 3 Zhetpisbaeva, B.A., & Arinova, O.T. (2012). Ot idei «triedinstvo yazykov» N.A. Nazarbaeva do poliiazychnogo obrazovaniia v Kazakhstane [«From the trilingual idea of N.A. Nazarbayev to multilingual education in Kazakhstan»] // Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya Pedagogika — Bulletin of the Karaganda University. Pedagogy Series, 4 (68), 19–25 [in Russian].
- 4 Bilim beru obiectilerine qoiylatyn sanitariialyq-epidemiologiialyq talaptar [Sanitary and epidemiological requirements for Educational Facilities]. — Retrieved from: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015681> [in Kazakh].
- 5 Qazaqstan Respublikasyndagy bastauysh, negizgi orta, zhalpy orta bilim berudin ulgilik oqu zhosparlaryn bekitu turaly [Approval of standard curricula of primary, basic secondary, and general secondary education in the Republic of Kazakhstan]. — Retrieved from: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008170> [in Kazakh].
- 6 2020–2021 oqu zhylynda Qazaqstan Respublikasynyn Bilim beru uiymdaryndagy oqu protsesinin erekshelikteri turaly [About the specifics of the educational process in educational organizations of the Republic of Kazakhstan in the 2020–2021 academic year]. — Retrieved from: <https://drive.google.com/file/d/1Tm25cdU-5hepf5zncJHoiFIR7znK3jEH/view> [in Kazakh].